



010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ \_\_\_\_\_

**Қазақстан Республикасы  
Парламенті Мәжілісінің  
депутаттарына**

2026 жылғы 23 қаңтардағы № ДС-16 сауалға

**Құрметті депутаттар!**

Сталкингіге қылмыстық сипат беру (*зорлық-зомбылықпен байланысты емес, бірақ айтарлықтай психологиялық залал келтіріп, адамды еркінен тыс қудалау*) және некеге тұруға мәжбүрлеу, сондай-ақ енгізілген қылмыстық заңнама нормалары туралы халықты хабардар ету мәселелері бойынша сауалды қарап, мынаны хабарлаймын.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнамасын оңтайландыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңға қол қойылған сәттен бастап (*2025 жылғы 16 шілдедегі № 210-VIII, бұдан әрі – Заң*), Қылмыстық кодекске (*бұдан әрі – ҚК*) жаңа нормалар енгізу бөлігіндегі заңнаманың новеллалары, оның ішінде сталкинг және некеге тұруға мәжбүрлеу бұқаралық ақпарат құралдарында және мемлекеттік органдардың ресми ақпараттық ресурстарында жарияланды.

Сонымен қатар жаңа нормалардың іске асырылуын талдау уәкілетті мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардың оларды түсіндіру және оларды практикада қолдану бойынша қабылдаған шараларының жеткіліксіздігін көрсетті.

2025 жылы заң күшіне енген күннен бастап (*2025 жылғы 16 қыркүйектен бастап*) ҚК-тің 115-1-бабы (*сталкинг*) бойынша 15 қылмыстық іс және ҚК-тің 125-1-бабы (*некеге тұруға мәжбүрлеу*) бойынша 12 қылмыстық іс тіркелді.

Осыған байланысты мүдделі мемлекеттік органдар азаматтардың заңнаманың новеллалары туралы хабардар болуын арттыру, сондай-ақ жаңа қылмыстық-құқықтық нормалардың іс жүзінде қолданылуының алдын алу және қамтамасыз ету жөніндегі жұмысты жандандырды.

Бұл ретте құқық қорғау органдарында қылмыстық және әкімшілік заңнаманың жаңа нормаларын іс жүзінде қолдану мәселелері бойынша жеке құраммен түсіндіру жұмыстары тұрақты негізде жүргізіледі.

Көрсетілген жұмыс шеңберінде тіркеу тәртібі туралы ережелер, өтініштер мен хабарламаларды қарау жеткізіледі, сондай-ақ қолданыстағы заңнаманың талаптарына сәйкес сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізу тәртібі түсіндіріледі.

Қабылданған шаралардың нәтижесінде ағымдағы жылдың басынан бастап сталкинг фактілері бойынша 79 қылмыстық іс және некеге тұруға мәжбүрлеу фактілері бойынша 31 қылмыстық іс тіркелді.

*Анықтама: ҚК-нің 115-1 бабы бойынша (сталкинг) Шымкент – 23, Астана – 16, Алматы – 8, Павлодар және Қызылорда – 7, Абай және Түркістан – 3, Алматы, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Маңғыстау, Солтүстік Қазақстан – 2, Шығыс Қазақстан және Қостанай облыстары – 1.*

*ҚК-нің 125-1 бабы бойынша (некеге тұруға мәжбүрлеу) Шымкент қаласында – 15, Түркістан облысында – 10, Алматы және Қызылорда облыстарына – 2, Алматы қаласында және Жамбыл облысында – 1.*

Сонымен қатар Мәдениет және ақпарат министрлігі уәкілетті мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп ағымдағы жылғы 30 қаңтарда халықтың құқықтық сауаттылығын арттыруды, сондай-ақ некеге тұруға мәжбүрлеуге, сталкингіге және әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықтың өзге де түрлеріне мүлдем төзбеушілікті қалыптастыруды қамтамасыз етуге бағытталған ақпараттық-түсіндіру науқанының қосымша кешенді медиажоспарын әзірлеп бекітті.

Науқанның негізгі мақсаты азаматтарды аталған әрекеттер үшін қылмыстық жауапкершілікті белгілейтін заңнама нормалары туралы, сондай-ақ зардап шеккендерді қорғау мен оларға көмек көрсетудің қолжетімді әдістері туралы хабардар ету болып табылады. Сонымен бірге науқан қоғамдық санада зорлық-зомбылықтың кез келген түріне мүлдем төзбеушілік қағидатын қалыптастыруға және бекітуге бағытталған.

Аталған іс-шараларды іске асыруға уәкілетті мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдармен қатар үкіметтік емес ұйымдар, білім беру мекемелері, кәсіптік бірлестіктер, бұқаралық ақпарат құралдары, цифрлық платформалар, әлеуметтік желілер және сараптамалық қоғамдастық тартылды.

Сонымен қатар жергілікті атқарушы органдар да 2026 жылға арналған осындай іс-шаралар жоспарларын бекітті.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді тіркеу және жүргізу мәселелері осы санаттағы қылмыстық істер бойынша уәкілетті органдардың бақылауында.

**О. Бектенов**